

## **Ырғыз аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 181 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Ырғыз аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 13 желтоқсанда № 3-5-195 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Ырғыз аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ырғыз аудандық мәслихатының келесідей шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Ырғыз аудандық мәслихатының 2013 жылғы 8 қарашадағы № 98 "Ырғыз ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдары мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек көрсету туралы" ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3670 тіркелген, 2013 жылғы 26 қарашадағы аудандық "Ырғыз" газетінде жарияланған);

2) Ырғыз аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 тамыздағы № 36 "Ырғыз ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдары мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек көрсету туралы" аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 8 қарашадағы № 98 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5069 тіркелген, 2016 жылғы 19 қыркүйектегі аудандық "Ырғыз" газетінде жарияланған).

2. "Ырғыз аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ырғыз аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Ырғыз ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ырғыз аудандық  
мәслихаты сессиясының төрағасы*

*Қ. Бөлек*

*Ырғыз аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*К. Қосаяқов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК